

болатыны шексіз. Қазақ жем болудан түбінде декрет қуатымен құтылмайды, мәдениет қуатымен құтылады. ... Мәдениет күшейеді өнер-білім күшімен, өнер-білім күшейеді оқумен. Оқу ісі сабақтас әдебиетпен. Оқу әдебиетті күшейтеді, әдебиет оқуды күшейтеді. ...Азаттық асылы мәдениетте, мәдениет күшеюінің тетігі оқу мен әдебиетте» [3. 80-81]. Осылайша ол қазақ әдебиетін көтеру арқылы білімін көтеруді білімін көтеру арқылы танымын жоғарлатуды, ол арқылы азаттыққа жетуді көрсетеді. Және осы жолда қазақ қаламгерлерінің аянбай жұмыс жасауын талап етеді.

Жазушы Ғалым Ахмедов «Алаш «Алаш» болғанда: Естеліктер мен тарихи деректер» деген кітабында Ахаңның елу жасқа толған мерекесінің қалай өткізілгенін былай еске алады: «1923 жыл Орынбордағы қазақ қауымы Ахаңның елу жасқа толған мерекесін өткізді. Салтанатты мәжіліс Я.Свердлов атындағы клубта болды. Жиналысты сол кездегі Қазақстан Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы Сәкен Сейфуллин кіріспе сөз сөйлеп ашты. Смағұл Садуақасов Ахаңның өмірі мен ғылыми, әдеби еңбектері жайында өте мазмұнды баяндама жасады. Смағұл Халық ағарту комиссары болатын. Жібектей есіліп, жай кербез сөйлейтін адам еді. Ол кісі баяндамасының аяғында: «Ахаңды біз замандасымыз ғой деп өз қатарымызға қойып, өзімізбен теңестіріп қарауға болмайды, бұл кісі қазақ халқының алғашқы алфавитін жасап берген, бұрын әркім қалай болса солай жазып жүрген емлемізді түзеп, бүкіл халқымызға ұстаз болған адам. Сондықтан бұл кісіні ұстазымыз деп қарап, өзімізден әлдеқайда жоғары ұстап, қадірлей білуіміз керек», — деп тоқтады» [4]

Халқының келешегі Қазақ әліпбиіне түрен салған, ұлт мүддесіне арымен қызмет еткен, түркі еліне есімі мәшһүр Ахмет Байтұрсынұлының ғұмыр жолы – барша қазаққа үлгі-өнеге. Адамзаттың даму тарихына зер салсақ, жұрт жұмысын жасаған, елі үшін еңбек ұлдарын пір тұтып, ұлықтай білген. Әрі ұрпақ тәрбиесінде кемелгерлердің күресіндері мен тыныс-тірлігін тәлім еткен. А. Байтұрсынұлының әдеби шығармаларының ішіндегі өзгелерден озық тұратыны «Маса» мен «Қырық мысал». «Маса» деген атты қоюының өзі ызындап елін оятудың мақсаты екенін бізге белгілі. М. Әуезов «Қазақ» газеті туралы сөз сөйлегенде: «Ол екпін, ұйықтаған қазақты айқайлап оятуға заман ерік бермеген соң, маса болып қалай ызындап оятамын деп, ұзақ бейнетті мойнына міндет қылып алған Ахаңның екпіні болатын» дейді [5. 157]. Бұдан артық түсіндірудің қажеттілігі де болмас

Бұл күні тағылымы –тарих, білімі – мұхит, сөзі – әфсана Ахмет айшықтарын ұлттық рухани темірқазығы деп мақтаныш тұтамыз. Ал, ұстаз ұлағатына тағзым жасау – ұрпақтан-ұрпаққа ауысар ғибратты игі шараға айналып келеді. Шығармасында парламент депутаттарының шығарған заңдарының қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлеріне, әдет-ғұрыптарына қайшы келмеуін, шығарған заңдардың мазмұны мен мағынасының жергілікті ұлт өкілдерінің ұлттық психологиясын, этникалық, шаруашылық ерекшеліктерін ескеріп қабылдауды жақтады. Ахмет Байтұрсынұлы жеке адамның құқықтық теңдігі мәселесіне көңіл бөлді. Заң алдында барлық адамдардың ұлтына, нәсіліне, әлеуметтік жағдайына, лауазымына қарамастан тең екендігін көрсетеді. Оның бұл пікірі, Қазақстан Республикасының Ата Заңындағы осы мәселелер туралы айтылған пікірлермен үндесіп жатқандығына таң қалмасқа болмайды. Ахмет Байтұрсынұлының пікірінше, қазақ халқына демократиялық құқықтық мемлекетті құру үшін білім, кәсіптік дайындық, күштілік және ұлттық бірлік керек. Ойшылдың айтқан бұл пікірлері, қазіргі кезде Қазақстан тәуелсіздікке қолы жетіп, өзінің ұлттық, демократиялық, құқықтық мемлекетін құрған кезде өз өзектілігін жойған жоқ

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Тәуелсіздігіміздің бес жылы. - Алматы: Қазақстан, 1996
2. Өмірхан Әбдіманұлы Ахмет Байтұрсынұлы: Зерттеу-эссе. Алматы: «Арда», 2007. – 39 б.
3. Күзембаев В.К. Ұлттың ұлы ұстазы, - Алматы: Комплекс, - 2001.
4. Ахмедов Ғ. Алаш «Алаш» болғанда: Естеліктер мен тарихи деректер. — Алматы: Жалын, 1996. — 32,33-б
5. Теімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: Мектеп, - 2009.

ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ КЕЗЕҢІ

Муратова Д.А

Ғылыми жетекшісі: г.ғ.м., аға оқытушы Темиржанова Ш.М.
Әбілқас Сағынов Атындағы Қарағанды техникалық университеті
Muratovadaiana2005@gmail.com
Қарағанды қ.

Бұл мақалада Тұрар Рысқұловтың 1920–1930 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық кезеңіндегі саяси және әлеуметтік қызметі қарастырылады. Біздің зерттеуде, бұл кезең қазақ халқының тарихындағы ең қайғылы уақыттардың бірі болды. Кеңес үкіметінің ұжымдастыру және тәркілеу саясаты қазақ халқының өміріне орасан зор зардап әкеліп, миллиондаған адамның ашаршылықтан қырылуына себеп болды. Сонымен қатар, бұл саясат ұлттық мәдениеттің күйреуіне және демографиялық жағдайдың нашарлауына әкелді. Ашаршылық тек азық-

түлік тапшылығын ғана емес, сонымен бірге халықтың рухани және әлеуметтік тіршілігін де күйретті. Ауыл шаруашылығының дәстүрлі жүйесі бұзылып, көптеген қоныстар босап қалды. Ұлттық болмыстың ажырамас бөлігі саналатын қазақ халқының көшпелі тұрмысы дағдарысқа ұшырап, мәдени және тарихи құндылықтардың жоғалуына себеп болды. Біздің пікірімізше, бұл тек экономикалық емес, сонымен қатар ұлттық трагедия болды. Осы ауыр кезеңде Тұрар Рысқұловтың халықты қорғау жолындағы әрекеттері ерекше орын алады. Ол қазақ халқының мүддесін қорғап, орталық билікке қарсы тұруға тырысты. Т.Рысқұлов ұжымдастыру саясатының зияндылығын түсініп, халықты аштықтан құтқару үшін түрлі шараларды ұсынды. Оның ұсыныстары тек экономикалық көмекті ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының ұлттық бірлігін сақтауға бағытталды. Менің ойымша, Тұрар Рысқұловтың бұл әрекеттері – нағыз азаматтық батыллықтың үлгісі. Сол кездегі саяси жүйенің қаталдығына қарамастан, ол өз халқының тағдыры үшін күресті. Бұл оның тек саясаткер ғана емес, шынайы ұлт жанашыры болғанын көрсетеді. Т.Рысқұловтың бұл іс-әрекеттері бізге ұлттық мүдде жолында өз құқығымызды қорғаудың қаншалықты маңызды екенін еске салады.

Қазақ халқының тарихындағы осындай қайғылы кезеңдер бізді өз ұлттық бірлігімізді нығайтып, болашағымызды қорғауға шақырады. Бүгінгі таңда біз өткенімізден сабақ алып, Т.Рысқұлов секілді қайраткерлердің ерліктерін есте сақтап, солардан үлгі алуымыз керек. Ашаршылық кезеңнің сабақтары біз үшін тек тарихи естелік емес, сонымен бірге ұлт ретінде дамуымыз үшін маңызды тәжірибе болып табылады. Ашаршылық кезеңіндегі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық ахуалы 1920-1930 жылдардағы ашаршылықтың негізгі себептерінің бірі – Кеңес үкіметінің аграрлық саясаты болды. Ұжымдастыру мен малды тәркілеу ауыл шаруашылығын жойып, қазақ халқының өмір сүру деңгейін күрт төмендетті. Кеңес үкіметі ауыл шаруашылығын орталықтан басқаруға тырысып, жергілікті халықтың дәстүрлі шаруашылығын өзгертуге күш салды. Бұл саясаттың нәтижесінде Қазақстанда ашаршылық басталып, халықтың саны күрт азайды [1, 40-б.].

Ауыл шаруашылығын жою, жергілікті тұрғындардың дәстүрлі мал шаруашылығының бұзылуы және ұжымдастыру барысында жергілікті халықтың әл-ауқаты төмендеді. Осылайша, мемлекет ауыл шаруашылығын тиімді басқаруға мүмкіндіктерді арттырған жоқ, керісінше, кеңестік идеология мен орталықтандырылған басқарудың құрбаны болды.

Бұл кезеңде ауыл шаруашылығына қолдау көрсету өте маңызды еді. Алайда, Кеңес үкіметінің ұстанған саясаты ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру мен тәркілеуге бағытталды. Ұжымдастыру науқанының барысында көптеген қазақ шаруалары өз жерлерінен айырылып, шаруашылықтар бұзылды. Т. Рысқұлов, өз кезегінде, бұл шаралардың келеңсіз салдарын алдын ала сезіп, ауыл шаруашылығын қалпына келтіру үшін мемлекеттік деңгейде шаралар қабылдауды ұсынды. Алайда, оның ұсыныстары қабылданған жоқ, бұл да ашаршылықтың тереңдеуіне себеп болды. Т. Рысқұлов өз ұсыныстарында ауыл шаруашылығына жеңілдіктер жасап, жергілікті халықтың еңбекқорлығын жоғары бағалауға шақырды. Ол ұжымдастыру науқанының орынсыз екенін атап, ауылдарды экономикалық тұрғыдан қайта қалпына келтіруді ұсынды.

Ұжымдастыру саясатына Тұрар Рысқұловтың өз ұстанымдары болды. Ұжымдастыру — Кеңес үкіметінің аграрлық саясатының басты бағыттарының бірі болды. Біздің пікірімізше, бұл процесс қазақ халқының дәстүрлі мал шаруашылығын бұзып, адамдардың жерден айырылуына әкелді. Т. Рысқұлов ұжымдастыру саясатының қауіпті екенін көріп, оған қарсы шықты. Ол бұл саясаттың қазақ халқының әлеуметтік және экономикалық жағдайын нашарлататынын ескертіп, оның орнына аграрлық секторды қолдау қажеттігін айтты [2, 120-б.].

1926 жылы бірінші санақ қорытындысына сәйкес, Қазақ АКСР-і аумағында 3 млн 628 мың тұрғылықты халық мекендеді. Бірақ 12 жыл өткеннен кейінгі 1939 жылы санақта халық санының 1 млн 321 мың адамға, яғни жинақтап айтқанда 36,7%-ға азайғаны тіркелген. Тарихшы-демографтардың айтуы бойынша тіпті осы цифрдың өзі азайтылып көрсетілген, демек ол факторлық талдау аясында елеулі түрде түзетуді қажет етеді деген сөз. 1930 жылдың ортасына, халықтың сандық құрамы шартты түрде тұрақты болған кезде республика аумағындағы тұрғылықты халықтың саны 4 млн 120 мың адамды құрады. [5.273]

Т. Рысқұлов ұжымдастырудың зардаптары туралы ашық айтып, ауыл шаруашылығына мемлекеттің көбірек қолдау көрсетуі қажет деп санады. Бірақ Кеңес үкіметі оның ұсыныстарын қабылдамады. Нәтижесінде, бұл саясат миллиондаған адамның аштық пен қайғы-қасірет шегуіне әкелді. Т. Рысқұлов ұжымдастырудың салдарын алдын ала болжады. Ол ұжымдастырудың ұлттық экономикаға теріс әсерін түсініп, оның орнына ауыл шаруашылығы мен жергілікті шаруалардың жұмысын қолдайтын саясатты ұсынды. Бұл кезеңде, ауыл шаруашылығына қажет ғылыми зерттеулер мен білімдер, сондай-ақ техникалық құралдар жетіспеді, сондықтан ауыл шаруашылығын ұжымдастыру әрекеттері тек экономикалық шығын мен әлеуметтік теңсіздікті арттырды. Осылайша, Т. Рысқұловтың ұстанымдары мен ұсыныстары қазіргі кезде де өзектілігін жоймағанын айтуға болады.

Алайда, Кеңес үкіметі оның ұсыныстарын қабылдамады, ал халықтың әлеуметтік жағдайы күрт нашарлап кетті. Ұжымдастыру саясатының сәтсіздігі мен халықтың қайғы-қасіретке душар болуы да осыдан туындады. Әрине, Т. Рысқұлов ұжымдастырудың күрделілігін түсініп, оған қарсы шыққанымен, оның ешқандай ықпалы болмады, себебі үкімет жоғарыдан жүргізілген саясатқа көнді.

Ашаршылыққа қарсы күрес және Тұрар Рысқұловтың шаралары 1930–1933 жылдардағы ашаршылық қазақ халқының тарихындағы ең қайғылы кезеңдердің бірі болды. Бұл трагедияның негізінде Кеңес үкіметінің ұжымдастыру саясаты, малды тәркілеу және ауыл шаруашылығын күштеп өзгерту әрекеттері тұрды. Ауыл шаруашылығының дәстүрлі жүйесінің жойылуы қазақтардың өмір сүру салтына қатты соққы болып тиді.

Аштықтың нәтижесінде миллиондаған адам өмірімен қош айтысып, мыңдаған отбасы туған жерін тастап, басқа аймақтарға көшуге мәжбүр болды. Біздің ойымызша, бұл қасірет қазақ ұлтының тарихында терең із қалдырып қана қоймай, оның этникалық және мәдени біртұтастығына да үлкен зиян тигізді. Осы ауыр кезеңде Тұрар Рысқұлов секілді қайраткерлер халықтың тағдырын жеңілдетуге бар күшін салды. Ол ашаршылықтың негізгі себептерін түсініп, Кеңес үкіметіне нақты ұсыныстар жасады. Т.Рысқұлов ауыл шаруашылығын қайта қалпына келтіру, тәркілеу науқанын тоқтату және зардап шеккен халыққа көмек көрсету сияқты шараларды ұсынды. Оның пікірінше, ең алдымен, ауыл тұрғындарын азық-түлікпен қамтамасыз ету, аштыққа ұшырағандарға гуманитарлық көмек көрсету және денсаулық сақтау жүйесін нығайту қажет еді. Тұрар Рысқұловтың бұл әрекеттері оның өз халқы үшін жанкештілікпен еңбек еткенін көрсетеді. Меніңше, мұндай батыл әрі шынайы жанашырлық сол кезеңдегі қиын жағдайды ескере отырып, ерекше бағалануы керек. Себебі ол тек жеке басының амандығын ғана ойлап қоймай, қазақ халқының аман қалуын өз өмірінің басты мақсаты етті. Оның ұсыныстары орындалмай, халықтың қайғы-қасіреті жалғасқаны өкінішті. Бірақ Т.Рысқұловтың күресі мен идеялары қазақ тарихында мәңгі сақталады. Осы қайғылы кезеңнен біз, қазіргі ұрпақ, бірнеше маңызды сабақ алуымыз керек. Біріншіден, ұлттық мүдде мен әлеуметтік әділеттілікті қорғау үшін әрбір азамат өз үлесін қосуы тиіс. Тұрар Рысқұловтың әрекеттері — жауапкершілік пен адалдықтың айқын үлгісі. Екіншіден, елдің әлеуметтік және экономикалық саясаты әрқашан халықтың қажеттіліктері мен мүдделерін ескеруі тиіс. Ашаршылық сияқты қайғылы оқиғалар қайталанбас үшін мемлекет тарапынан халыққа қолдау көрсетілуі шарт. Қазақ халқының тарихы ауыр сынақтар мен қиындықтарға толы. Бірақ менің ойымша, осы тарихтан біз өзіміздің ұлттық рухымызды, бірлігімізді және болашағымызды қорғау үшін шабыт аламыз. Тұрар Рысқұлов секілді тұлғалар бізді өткенімізді ұмытпай, сол арқылы өз болашағымызды нығайтуға шақырады. Ашаршылықтың салдары қаншалықты ауыр болғанымен, сол кезеңдегі қайраткерлердің еңбегі бізге үміт пен батылдықтың үлгісін береді.

Ашаршылықтың қазақ халқының демографиялық жағдайына әсері болды. Ашаршылық қазақ халқының демографиялық ахуалына қайталанбас терең зардаптар әкелді. 1930-1933 жылдар аралығындағы бұл трагедия қазақ халқының санына ғана емес, оның ұлттық, әлеуметтік және мәдени болмысына да үлкен соққы болып тиді. Миллиондаған адам аштық пен аурудың құрбаны болып, мыңдаған отбасы көрші елдерге қоныс аударуға мәжбүр болды. Бұл кезең халықтың ұлттық құрамына түбегейлі өзгеріс енгізіп, этникалық тепе-теңдікті бұзды. Ғалымдардың зерттеулері бойынша, Қазақстан халқының саны күрт азайып, көптеген ауылдар мен қоныстар қаңырап бос қалды [4, 62-б.].

Ашаршылықтың нәтижесінде халықтың этникалық және мәдени бірлігі әлсіреді. Әсіресе, ел ішінде орын алған миграциялық үрдістердің күшеюі, қазақтардың өз жерлерін тастап, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Қытай және Ресей сынды көрші аймақтарға көшіп кетуі ұлттық құрамды өзгертті. Қалаларға қоныс аударған қазақтардың саны көбейгенімен, бұл олардың этникалық бірегейлігін сақтауына кедергі келтірді. Кейінгі жылдары қаладағы қазақтардың мәдениеті мен тілі орыс тілі мен кеңестік идеологияның ықпалына ұшырады. Ашаршылық салдарынан қазақ халқы ұлттық құрамының жартысына жуығын жоғалтты. Тарихшылардың айтуынша, бұл қасірет қазақ ұлтының әлеуметтік құрылымын бұзып, ұлттың өз ішінде бөлінуіне алып келді. Ауыл шаруашылығының күйреуі мен көші-қон халықтың тұрақты өмір сүру жүйесін бұзды. Бұл факторлар экономикалық дамуды баяулатып, ұлттық болмыстың тұтастығын сақтауға кедергі жасады. Тұрар Рысқұлов осы кезеңде халықтың демографиялық жағдайын жақсарту және оны сақтау үшін белсенді шаралар ұсынды. Ол азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселелерін көтеріп, орталық билікке нақты ұсыныстар жасағанымен, оның ұсыныстары ескерілмеді. Т.Рысқұловтың пікірінше, халықты өз жерінде қалдыру, олардың ұлттық мәдениетін сақтау және ұлттың бірлігін күшейту үшін кешенді мемлекеттік қолдау қажет еді. Бірақ Кеңес үкіметі ұжымдастыру саясатын тоқтатпай, оның салдары ұзақ жылдарға жалғасты. Ашаршылықтың демографиялық зардаптары бүгінгі күнге дейін халықтың тарихи жадысында сақталып келеді. Қайғылы оқиға қазақтардың ұлттық санасында терең із қалдырып, халықтың мәдениетіне, әдет-ғұрпына және тұрмыс салтына әсер етті. Бұл кезеңнен сабақ алу қазіргі ұрпақ үшін маңызды. Ол қазақ халқының бірлігі мен ұлттық мүддесін қорғау үшін тарихи тәжірибені ескеру қажеттігін көрсетеді.

Тұрар Рысқұловтың Сталинге тікелей хат жазды. Тұрар Рысқұловтың 1932 жылы Сталинге жазған хаты — тарихи маңызы бар құжаттардың бірі. Бұл хатта Тұрар Рысқұлов Кеңес үкіметінің жүргізген ұжымдастыру саясаты мен тәркілеу науқанының қазақ халқы үшін ауыр зардаптар әкелетінін айтып, Сталиннен саяси реформалар жасауға, халықты қорғауға және ашаршылықтың алдын алуға шақырды. Өзіміздің пікірімізше, Тұрар Рысқұловтың бұл әрекеті тек қана бір адамның ұлт мүддесіне деген қамқорлығын емес, жалпы қазақ халқының тағдыры үшін күрескен адамгершілік тұрғысынан маңызды екендігін көрсетеді.

Т.Рысқұловтың хатында Кеңес үкіметінің орталықтандырылған саясатының қазақ жеріндегі нақты жағдайларды ескермегені, ұжымдастыру мен тәркілеу шараларының ауыл шаруашылығына келтірген зияны ашық айтылған. Т.Рысқұлов осы мәселелерді Сталинге тікелей жеткізіп, жергілікті халықтың жағдайына назар аудару қажеттігін баса айтқан. Оның пікірінше, қазақ халқының тұрмыс деңгейі мен мәдениеті ұзақ уақыт бойы тұрақты болды, ал орталықтан басқарылатын саясаттың әсерінен бұл тұрақтылық күрт бұзылды. Біздің ойымызша, Т.Рысқұловтың бұл хатында айтылған мәселелер бүгінгі күнде де маңызды, себебі қазіргі әлемде де қандай да бір саяси шешімдер қабылдағанда жергілікті ерекшеліктер мен мәдени құндылықтарды ескермеу көптеген теріс нәтижелерге алып келуі мүмкін [1, 45-б.].

Т.Рысқұлов хатында ауыл шаруашылығының күйреуі, жергілікті тұрғындардың өмір сүру деңгейінің төмендеуі және ашаршылықтың алдын алу үшін нақты шаралар қабылдау қажет екені атап көрсетілген. Ол ашаршылықтың алдын алу үшін мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығын қолдау, ауылдарды қалпына келтіру және халыққа көмек көрсету шараларын ұсынды. Бұл ұсыныстар өз уақытында орындалмаса да, олар бүгінгі күні аграрлық саясаттың тиімділігін арттыру үшін маңызды үлгі болар еді. Ауыл шаруашылығының дамуы мен ауыл халқының жағдайы — кез келген мемлекеттің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қажетті шарттар. Т.Рысқұловтың сол кездегі саяси билікке қарсы айтып отырған ұсыныстары бүгінгі күнде де өзекті болып табылады, себебі ауылды қолдау мен даму қазіргі Қазақстан үшін де аса маңызды [3, 89-б.].

Т.Рысқұловтың Сталинге жазған хатында ұжымдастырудың сәтсіздігін дәлелдеп, қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін ескеру қажеттігін айтты. Оның пікірінше, орталықтан басқарудың артықшылықтары мен кемшіліктерінің дұрыс тепе-теңдігін сақтау қажет екендігін, сол арқылы жергілікті халықтың жағдайын жақсартуға болатынын түсіндірген. Біздің ойымызша, қазіргі саясатта да орталық және жергілікті билік арасындағы үйлесімділікті сақтау керек. Қоғамның барлық қабаттарының мүдделерін ескере отырып, тек қана ұтымды шешімдер қабылдауға болады. Т. Рысқұловтың қайраткерлігі мен оның өз халқы үшін жасап жатқан әрекеттері бүгінгі таңда да ұлт мүддесін қорғаудың үлгісі боларлықтай маңызды [3, 112-б.].

Биліктің жоғары эшелондағылар екіжүзділігіне РКФСР ХКК төрағасының орынбасары Т.Рысқұловтың Сталинге жазған хаты куә бола алады. Онда былай деп жазылған: Шамамен Қазақстан өлкесімен көршілес көшіп-қонып жүрген жерден алынған соңғы деректер бойынша қазір қазақтар: Орта Еділде – 40 мың адам, Қырғызстанда – 100 мың адам, Батыс Сібірде – 50 мың адам, Қарақалпақта – 20 мың адам, Орта Азияда – 30 мың адам мың адам шамасы. Көшпелілер тіпті Қалмақ жері, Тәжікстан, Солтүстік өлке және т.б. шалғай жерлерде де бар. Халықтың бір бөлігі байлары бастап Батыс Қытайға да көшіп барған. Қазақтардың орталық аудандарға қарай көшуі бірінші рет байқалып отыр. Бұл жай көшу емес (әдеттегі жазда, шағын қашықтыққа және малдары болған кезде), аш адамдардың елеулі бөлігінің талғажау іздеп босуы. Көшіп кетушілер жекелеген аудандар бойынша аудандар халқы жалпы санының 40-50%-ына жетеді [5.275]

Аштық және сонымен ілес келген індет, сондай-ақ көшіп кету өзінің бастапқы кезеңінде-ақ қалыпты демографиялық процесті шайқалтып жіберді. Республиканың тұрғылықты халқының тамыры терең дағдарысты құбылысты еңсере алғанының сыры мынада, оған халық өзінің алғашқы көбею, яғни демографиялық эволюциялық дамудың бірінші сатысында тап болды. Тек соғыстан кейінгі өзінің классикалық нұсқасындағы демографиялық өрлеудің арқасында (шыны 1962 жылға келеді) қазақ этносы орасан зор шығыннан аман қалды. Халықтың бұрынғы саны 40 жылдан кейін, яғни 1969 жылы қалпына келтірілді. Егер демографиялық жарылыс және оның осы кезге дейінгі "өрлеуі" болмағанда, халық санының осы іспеттес ұлттық дағдарысын енсеру үшін кемінде 100-120 жыл, яғни 2-3 есе көп уақыт керек болар еді. Осыған қарамастан, бұрынғы толқын тәріздес күрделі тарихымызды қайталап, бірақ әр ұрпақтың ауысуы арқылы оны бірте-бірте еңсере отырып, оның салдары әлі ұзақ уақытқа - 150-170 жылға дейін созылатын болды. [5.274]

Мақаланы қорытындылай келе, біз Тұрар Рысқұловтың саяси қызметі мен әрекеттері қазақ халқының ашаршылық кезеңіндегі тағдырына байланысты маңызды орын алды. Ол халықты қорғап, оның мүдделерін қорғау үшін күресті. Тұрар Рысқұловтың саяси қызметі мен идеялары қазақ халқының ең ауыр кезеңдерінде ұлттық бірлік пен әділеттілікке ұмтылғанын көрсетеді. Ашаршылық жылдары ол тек өз халқының мүдделерін қорғап қана қоймай, әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешуге нақты ұсыныстар енгізді. Оның қайраткерлік қызметі Қазақстан тарихында үлкен із қалдырып, бүгінгі ұрпаққа елдің егемендігі мен тұрақтылығын нығайту жолында шабыт береді. Біздің ойымызша, Т.Рысқұловтың әрекеттері қазақ халқының өмір сүруге деген жігерін арттырып, ұлттық құндылықтардың сақталуына ықпал етті. Оның өмір жолы қазіргі Қазақстан жастары үшін жауапкершілік, адалдық және әділеттілік секілді қасиеттердің айқын үлгісі бола алады. Бұл тарихи тұлға ұлт тағдырына бейжай қарамау керектігін, әрбір азаматтың өз үлесін қосуы маңызды екенін дәлелдеді. Қазіргі таңда, Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізген уақытта, Т.Рысқұлов секілді тұлғалардың тәжірибесі мен мұрасы біздің елді өркендету жолындағы басты бағыттардың бірі болып табылады. Бұл бізді тарихты ұмытпауға, қиындықтарды еңсеруге және болашаққа сеніммен қарауға үйретеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тұрар Рұсқұлов. Шығармалар жинағы. - Алматы: «Жазушы», 1989.
2. Әбдіғаппарұлы Б. Тұрар Рұсқұловтың қоғамдық-саяси қызметі. - Алматы, 2010.
3. Ғабит Мүсірепов. Қазақтың ашаршылық трагедиясы. - Алматы: «Ғылым», 1997.
4. Қойгелдиев М. Қазақ тарихының бет-бейнесі. - Алматы: «Атамұра», 2002.
5. Қозыбаев М.Қ. IV том «Кеңестік кезеңдегі Қазақстан. - Алматы «Атамұра» 2010.

АЛАШ АРЫСЫ-БЛӘЛ МАЛДЫБАЙҰЛЫ

Есентаева И.Е.

Ғылыми жетекшісі: Қазақстан тарихы және ӘСП кафедрасының профессоры Абдрахманова К.Ж.
Қарағанды Медицина Университеті